

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Баяндама "Бала тілін жастайынан дамыту"

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/39993/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тіл-ұлттық ерекшеліктердің бірі, ұлт мәдениетінің басты көрінісі. Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, сөйлеу, ойлау тәсілінің, мінез-құлықтарының, мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді. Халықтың тіл қазынасын байыту, тілді қоғамдық өмір тіршілігінің нақты құралы ету, оны жетілдіріп, дамытып, дәуір талабына орай көріктендіріп, ұстарта білу нағыз өнер екені белгілі. Ата-бабамыз жасаған асыл мұраны меңгерту, болашақ ұрпақ игілігіне меншіктеу, ізгілікке, адамгершілікке, дербес ой қабілеттігіне, өздігімен еркін әрекет жасауға, ата-анаға, айналасына жүрек сезімін оятып, ана тілін қастерлеуге үйрету, оның музыкалық әуезін санасына ұялатып, зердесіне жеткізудің барлығы-баланың нәрестелік шағынан басталатыны баршаға аян. Сол себепті халық ауыз әдебиетінде «Бесік жыры», «Қаз,қаз бас», «Әлди, әлди, ақ бөпем» сияқты ана жүрегінің жылуын төге жырланатын өлең-жырлар-қазіргі ұрпаққа тіл үйретудің қайнар көзі. Әр топтағы балалардың ішінен кейбіреулері дыбыстарға тілі келмей қиналатынын тәжірибеде жие кездестіреміз. Сондықтан, баланың сөз сөйлеу мәнеріне зер салу, оны жетілдіру ісі асқан ыждағаттылықты қажет етеді. Сөздің дыбысталу, естілу ерекшелігін байқап, үн ырғағына, дауыс екпіне мән беріп, тек сөздің дыбыстық айтылуы мәнісіне ғана емес сөйлеу мәдениетін ең басты міндеттеріміздің бірі болып саналады. Балаға сөздің дыбыстық жағын игерту «Балабақшаға арналған «Балапан» бағдарламасында» сәбилер тобынан бастап жүйелі берілген.

Мен өз тобымда балалармен тіл дамыту мақсатында жүргізілген іс шараларымда қимыл-қозғалыс ойындарын көбірек алуға тырысамын. Ән айтқан кезде немесе тақпақ жаттаған кезде қимыл-қозғалыстарды көбірек пайдалансаң,баланың ойында тез сақталғанына бірнеше рет көз жеткіздім.

Тіл дамыту туралы одақ көлемінде де, біздің республикамызда да зерттеулер жүргізілді. Бірақ қазақ балабақшаларында тіл дамытудың дәл осы саласы, сөздің дыбыстық жағын меңгерту, сөз сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бала жасына қарай зерттелмеді.

Бағдарламада тіл дамыту бөлімінде дауысты, дауыссыз, жуан, жіңішке, қатаң, ұяң, үнді дыбыстарға үлгі сабақ ұсынылғанымен, қазақ тілі фонетикасына сай емес, себебі, одақ көлеміндегі ғалымдардың өз зерттеулері бойынша берілген. Жұмыстың бұл түрін іске асыру, яғни дыбыстарды дұрыс дыбыстап, бекітіп, сөз сөйлеу мәдениетін қалыптастыру керек. Осы бағдарламадағы міндеттерді, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруда қазақ тілінің дыбыс үндестігі ерекшеліктерін ескерген жөн.

Мұнда мынадай мақсаттар көздеу керек:

-ана тілінің фонетикалық, грамматикалық, морфологиялық тәсілдерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге үйрету;

-балаларды әр дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру;

-жаттығудың бұл түрі күн кестесінің өн бойында сәтті шешімін тауып жүргізілуге тиіс;

-тілінде кемістігі бар балалармен жұмыс жүргізілгенде, даралай әдісті қолдана отырып, оларды біртіндеп ұжымға тарту үшін, әрине, тәрбиешіден педагогикалық шеберлік көрсету талап етіледі:

-тәрбиеші баланың күнделікті іс-әрекетіне қолайлы жағдай жасауы қажет;

-сөздік дыбыстық жағын меңгерту бір мақсатқа негізделіп, болжам жасай отырып, бірқалыпты дидактикалық ұстаныммен жоспарлы, жүйелі жүргізілуге тиісті;

-балалардың тілге деген құштарлығын арттыру үшін барлық тәрбие, білім беруі, әсіресе, музыка, дене тәрбиесі, т.б.интегралды, кешенді жүргізуге көңіл бөлу керек.